ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 08 қаңтар №2301-23-00-2/2686 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Хиуаз Доспанова атындағы Атырау халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Рамазан» - Молдир Кабиловна Джумагазиева,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.А.Сатанова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 26 қыркүйекте тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №91 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған, ол бойынша жауапкер ҚР СТ ISO/IEC 19752-2018 Zebra ZC принтеріне арналған түрлі-түсті риббон ленталық картриджді тапсырыс берушіге жеткізуге тиісті.

Шарттың орындалу мерзімі – шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген күнінен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 14 994 теңге жауапкермен 2023 жылғы 04 қазанда енгізілген. Сондықтан тауардың жтекізілу мерзімі - 2023 жылғы 20 қазан болып танылады. Алайда, шартта көзделген мерзімде, 2023 жылғы 20 қазанға дейін жауапкер тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (бұдан әрі – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, тауар әлі күнге дейін жеткізілмегенін, жауапкердің тауарды уақытылы жеткізбеуі жағымсыз салдар екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер тауарды 20.10.2023 жылға дейін жеткізуге тиіс болған, алайда, жауапкер тауарды көрсетілген мерзімге дейін жеткізбеген.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 02 қарашада жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 14.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.02.2024, судья Султангалиева А. Е., 16.02.2024

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Хиуаз Доспанова атындағы Атырау халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Рамазан» - Молдир Кабиловна Джумагазиеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Рамазан» - Молдир Кабиловна Джумагазиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Рамазан» - Молдир Кабиловна Джумагазиевадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «15» ақпан 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 14.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.02.2024, судья Султангалиева А. Е., 16.02.2024